

**12.Тәуекел-менеджмент және ішкі
бақылау жүйесіндегі корпоративтік
басқару органдарының өзара іс-
ҚИМЫЛЫ**




Тәуекел менеджменті кәсіпкерлік қызметінің сферасы сақтандыру нарығы болып табылады. Сақтандыру нарығы – сақтандыру бойынша экономикалық қатынастардың пайда болу сферасы.

Тәуекел-менеджменті тәуекелді басқару және экономикалық, нақтырақ айтқанда, осы басқару процессінде туындайтын қаржылық қатынастарды басқару жүйесі болып табылады.



Тәуекел менеджментінің басқару субъектісі – түрлі басқарушылық істің әдістері мен тәсілдері арқылы басқару объектінің мақсаттылық бағытты қызмет етуін жүзеге асыратын арнайы адамдар тобы (қаржы менеджері, сақтандыру маманы, аквизитор, актуарий, андеррайтер және т.б.).

Тәуекел менеджменті белгілі бір қызметтер атқарады.




Тәуекел менеджментінде басқару объектісінің қызметтеріне келесілерді ұйымдастыру жатады:

тәуекелді шешу;

тәуекелді капитал
салымдарын;

тәуекел мөлшерін
төмендету бойынша
жұмыстарын;

тәуекелді сақтандыруды;
шаруашылық процесс
субъектілері арасында
экономикалық
байланыстар мен
қатынастарды.





Тәуекел менеджментінің қызмет етуінде ақпараттық қамтамасыз ету ақпараттың түрлі типтерінен тұрады: статистикалық, экономикалық, коммерциялық, қаржылық және т.б.

Тәуекелді басқаруға болады, яғни тәуекелдік жағдай туындауын белгілі бір шекте болжамдау және тәуекел дәрежесін төмендету үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін түрлі шаралар қолдануға болады. Көбінесе тәуекелді басқаруды ұйымдастыру тиімділігі тәуекелдің сыныптамасына тәуелді.






Қаржы тәуекелдері екі түрге бөлінеді:

1) ақшаның сатып алу қабілеттілігімен байланысты тәуекелдер;

2) капитал салымдарымен байланысты тәуекелдер (инвестициялық тәуекелдер).



Өтімділік тәуекелі –
тұтынушылық құнының және
сапалық бағаның өзгерісі
себебінен бағалы қағаздар
немесе басқа да тауарларды
өткізу кезіндегі мүмкін
болатын жоғалтулармен
байланысты тәуекелдер.

Инвестициялық тәуекелдер келесі ішкі жүйелік тәуекелдерді қамтиды:

1) жіберіліп қойған пайда тәуекелі

2) табыстылықтың төмендеу тәуекелі

3) тікелей қаржылық жоғалтулар тәуекелі